

АҚЫН-ЖАЗУШЫ СӨЗДІГІН ТҮЗУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Ұлы ақындар мен жазушылардың шығармаларындағы жекелеген сөздер мен басқа да сөздік бірліктерге түсіндірме немесе түсініктеме жасайтын, анықтама беретін құрал ретіндегі ақын-жазушы тілінің сөздігіне деген қажеттілік өте ерте заманда пайда болған. Мәселен, б.з.д. III ғасырдың өзінде Көне Грецияда Гомер шығармаларының сөздігі түзілген. Ол еңбек сол кезеңде яғни б.з.д. III ғасырда қолданыстан шығып қалған ескірген сөздердің мағыналарын түсіндіретін құрал ретінде қызмет еткен. Орта ғасырлық араб, парсы және түркі лексикографиясында да ақын-жазушылардың шығармаларындағы лексикофразеологиялық бірліктерге түсіндірме беретін еңбектер көп болған. Бұл дәстүр ғасырлар бойы жалғасып келді. Алайда ақын-жазушы лексикографиясының жеке ғылыми-практикалық сала ретінде жедел түрде қарқындап дамуы кейінірек жүзеге асты. XX ғасырда отандық және шетелдік филологияда жазушы лексикографиясына ден қоюшылықтың күрт артқаны байқалды. Өйткені іргелі тәжірибелік сөздіктер мен көптеген теориялық зерттеулер өмірге осы кезеңде келген еді. Оған мысал ретінде Шекспир, Гете, Мильтон шығармаларына арналған сөздіктер мен глоссарийлерді, өртүрлі тарихи ескерткіштерге арналған конкорданс сөздіктерді, американ лексикографиясындағы Джойс шығармаларының жиілік анықтамалығын, А.С. Пушкин, М. Горький, Т. Шевченко шығармашылығы мен жекелеген шығармалары бойынша құрастырылған түсіндірме сөздіктерді атауға болады.

Бұл лексикографиялық еңбектер жазушының әдеби шеберлігін терең түсініп бағалауға

мүмкіндік жасайтын аса бай материалдар береді. Олар тілдің тарихы мен сөз шеберінің өзіндік жеке стилін зерттеуге мүмкіндік беретін бірегей дереккөз, ақпарат көзі болып табылады. Мұндай еңбектерге деген қызығушылық сөз қадірін түсіне білетін оқырманның өз шеберлігімен халықтың тіл қазынасын байытатын прозаик, ақын, драматургтар шығармашылығының бастау көзін терең түсінуге деген ұмтылысын танытады.

Әр елде жазушы тілі сөздігін жасаудың тәжірибесі бірқатар мәселелерді алға қойып отыр. Бұл сөздік белгілі бір жазушы өмір сүріп, еңбек еткен дәуірдің тілдік жағдайын қаншалықты шынайы бейнелей алады? Ол жазушы тілінің стильдік ерекшеліктерін қалай тіркейді? Сөздікке лексиканы іріктеп алу өлшемдері қандай? Іріктелген материал қалай өңделеді? Осындай сұраулар жазушы лексикографиясының жалпы типологиялық мәселелеріне алып келеді. Ең алдымен, аталған мәселені талқыламас бұрын онымен байланысты жалпы ұғымдарды анықтап алу қажет. Бірінші кезекте жазушының «тілі» мен «стилі» ұғымдарын нақтылау қажет. Жазушы тілін біз жалпыхалықтық тіл негізінде жасалған жеке дара, реалды тілдік әрекет деп түсінеміз [1]. Тілдік жүйенің жеке тілдік тұлғаның санасында өмір сүретін шағын үлгісі идиолект деп аталады. Оның жалпыхалықтық тілден түбегейлі айырмашылығы болмайды. Өйткені біздің әрқайсымыз өзіміздің қандай да бір тілімізде емес, жалпыға ортақ, жалпыхалықтық ұлттық тілде сөйлейміз. Бір жағынан, жазушы жеке индивидуум ретінде жалпыхалықтық тілді меңгереді. Бірақ «тіл жазушыны меңгереді» деуге де болады, өйткені тіл жазушы-

дан өзінің табиғатына тән заңдылықтарды сақтауды талап етеді, сөзді қолданудың қалыптасқан нормаларына бағынуға мәжбүр етеді. Өйтсе де, жазушы белгілі бір дәрежеде жасампаздық қызмет атқарады. Өз еңбектерінде ондаған, жүздеген сөздерді жалпы айналымға түсіреді. Әдеттегі сөзді тура және ауыспалы немесе дағдыдан тыс мағынада қолданады, оған жаңа мән-мағына береді де, ол мағына жалпы қолданыста бекиді. Нақты идиолектілердің белгілі бір тілдік ерекшеліктері болады. Мысалы, белгілі бір сөздің көп қайталануы, ерекше синтаксистік айналымға түсуі, дағдыдан тыс мағынада жұмсалуды т.б. Мұндай ерекшеліктер жеке сөйлеу стилінің көрсеткіштері болып табылады. Дәлірек айтқанда, мұны жазушының жеке сөйлеу стилі деген жөн болар еді. Бірақ, қалыптасқан дәстүрге орай жазушы тілінің ерекшелігі «жазушы тілі» аталып жүр. Біз де осы дәстүрді ұстанып отырмыз.

Жалпы стиль, оның ішінде жазушы стилі, оның тілдегі бейнелеуіштік құралдар жүйесін қолдануымен байланысты. Жазушы стилін зерттеушінің міндеті осы жүйені тауып, оны талдап, сипаттауында. Жазушы тілінің сөздіктері осы жүйенің жалпы және жеке деңгейлерін бейнелеу мен зерттеудің бір тәсілі болып табылады. Бірақ мұндай сөздіктерді құрастыра отырып, лексикографтар жазушы тіліндегі жалпы және жеке мәселелерге кезігеді. Олардың алдында жазушы тіліндегі жекелеген ерекшеліктерді қалай бейнелеу керек – оларды жеке көрсету керек пе әлде жалпыхалықтық тіл аясында сипаттау керек пе деген сұрақ тұрады. Авторлық сөздіктердің көпшілігі – жалпы әдеби тілден ақпарат беретін сөздіктер, өйткені жазушының тілдік жүйесі белгілі бір дәуірдің әдеби тілін бейнелейді, олар, сондай-ақ, жалпы әдеби тілдің семантикалық-стилистикалық және басқа да мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік береді. Бұл жөнінде Л.С. Ковтун былай дейді: « Жалпы халықтық тіл жеке сөйлеу тілі арқылы көрініс табады. Сондықтан әрбір нақты типтік жағдайдың өзінде жазушының жеке тілдік ерекшеліктерін көрсететін сәттер болады. Сондай ерекшелікті танып, сипаттай білу – жазушы сөздігінің мақсаты» [2]. Осы ойды дамыта отырып, О.И. Рак мынаған көңіл аударады: «жазушының сөз қолданысын байқауға қажетті лексика неғұрлым кең мағыналы әрі бейтарап болса, зерттеушінің жазушы тіліндегі жеке және жалпыхалықтық, узуальды немесе окказиональдық қолданыс туралы тұжырымдары соғұрлым объективті, шынайы болады [3]. Осы жағдайда

Р.А.Будаговтың әртүрлі тарихи дәуірдегі жалпы мен жекенің арақатынасы туралы ой-тұжырымдарын да еске алу қажет. Оның пікірінше, орта ғасырларда жазушы тіліндегі ерекшелік әлсіз көрінді. Сондықтан әдеби тіл менен сол кезеңдегі көркем шығарма тілін ажырату, олардың арасын бөлу оңайға соқпады. Жаңа заманда жазба әдебиет дәуірлеп, ірі шығармашыл тұлғалардың пайда болуымен байланысты, әдеби тіл мен ұлы жазушылар тілін ажырату өзекті мәселеге айналды. Өйткені жазушылар мен ақындар жаңа заманның әдеби тілін қалыптастыруға белсене қатысып, оның одан әрі дамуына ерекше ықпал етті [4]. Осылайша бірте-бірте ақын-жазушы тілі мен әдеби тіл арасында айырма табу қиынға айналып, әдеби тіл нормасын жақсы ақын-жазушының тілімен тең қою орын алды. Бірақ жазушылар норманы жиі-жиі бұзып, өздерінің төлту-ма қолданыстарын, қайталанбайтын бейнелеу құралдарын жасай бастады. Осының салдарынан әдеби норма ұдайы қозғалыс пен өзгеріс үстінде болды.

Жазушы сөздігінің типі туралы мәселе – жазушы лексикографиясының теориясы мен практикасындағы басты мәселелердің бірі. Ол сөздікте пайдаланылған дереккөздерінің түрлеріне, сөздіктің түзіліміне қатысты лексикографиялық формасына, көлеміне, адресатына, сөздікке алынған бірліктерді лексикографиялық өңдеудің әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты. ХІХ және ХХ ғасырларда түзілген 170-тен астам жазушы сөздіктеріне жасалған талдаулар авторлық анықтамалар типін айқындауға жағдай жасайтын негізгі белгілерді анықтауға мүмкіндік береді. Жазушы тілі сөздігін оның автор шығармашылығын қамту деңгейіне қарай: жазушының бүкіл шығармашылығына арналған сөздіктер және оның жекелеген шығармаларына арналған сөздіктер деп екі түрге бөлуге болады. Одан әрі жазушы сөздіктері сөзтізбенің толықтығына, дифференциальдылығына, мағынаны таратуына, иллюстрациялық мысал түрлеріне, лексиканы грамматикалық-стилистикалық тұрғыдан топтастыру ерекшеліктеріне байланысты жіктеледі. Мәселен, жазушының бүкіл шығармашылығына және жекелеген шығармаларына арналған еңбектер толық немесе дифференциалды сөздіктер типіне жатады. Ұсынылып отырған топтастыру жасалған сөздіктердің ғана емес, теориялық тұрғыдан жасалуы мүмкін сөздіктердің де типін анықтауға мүмкіндік береді. Әлемдік жазушы лексикографиясында сөздік мақаланың құрылымы мен оның

мағынасын өңдеу тәсілі тарихи даму барысында қалыптасқан төрт лексикографиялық формаға байланысты: глоссарий, конкорданс, түсіндірме сөздік және индекс. Индексте сөздік мақаланың құрылымы өте қарапайым: басқы сөз, оның статистикалық сипаттамасы – адресі. Конкорданстың сөздік мақаласында ақпарат көптеу: басқы сөз – оның грамматикалық белгісі – дәйектемелік мысал – сөздің адресі. Глоссарийдің сөздік мақаласы одан да толығырақ: басқы сөз – грамматикалық-стистикалық жіктеу – мағынасын түсіндіру – дәйектемелік-деректемелік мысал немесе оның адресі. Түсіндірмелі жазушы сөздігінің лексикографиялық формасы да осындай. Негізгі айырмашылығы – сөзтізбе корпусына лексиканың белгілі бір қабаты (көнерген, түсінуі қиын сөздер т.б.) бар бүкіл лексиканы тіркейді. Алайда көмекші сөздер мен жалқы есімдер түсіп қалады.

Әлемдік жазушы лексикографиясында аталған лексикографиялық формалардың алуан түрлері бар, мысалы, терминологиялық анықтамалықтар яғни терминологиялық лексиканы тіркеп отыратын арнайы глоссарийлер, мысалы, «Шекспир шығармалары бойынша теңіз лексикасы» деген сияқты. Соңғы жылдары жазушы шығармашылығы туралы толық ақпарат беретін жазушы энциклопедиялары танымал бола бастады. Оларда жалқы есімдер мен қиын сөздердің түсіндірмелері міндетті түрде болады. Бұл топқа ономастикондар немесе шығарма кейіпкерлерінің сөздіктері кіреді.

Сөздік жасаушылардың алдында тұратын бірінші мәселе – дереккөз мәселесі. Жалпы лексикографиялық тұрғыдан ол бұрыннан жасалып, жемісін көрсетіп келеді. Ал жазушы сөздігіне келгенде, оның өзіндік ерекшелігі бар, өйткені белгілі бір жазушы шығармашылығын қамту деңгейімен тікелей байланысты. Жазушының бүкіл шығармашылығы бойынша сөздік жасау барысында мынадай сұрақ туындайды: оған барлық шығармаларын енгізу керек пе? Кейінгі стильдерінен біршама айырмашылығы бар алғашқы шығармаларын сипаттау қажет пе? «Анықтамалық- әдеби шығармалардан», хаттардан, іс қағаздарынан, қаралай жазбалардан алынған сөздерді тіркеу қаншалықты тиімді? Жекелеген шығармаға анықтамалық жасау барысында оның қай басылымын алу керек (себебі бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) деген мәселе туындайды. Мұндай жағдайда дереккөз ретінде шығарманың канондық мәтінін алған жөн. Дереккөз таңдау мәселесіне

басылымның орфографиясы секілді жеке мәселе де кіреді. Бұл XVI–XVIII ғғ. жазушыларының шығармалары бойынша сөздік жасау барысында өткір мәселе болды. Өйткені қай орфографиялық норманы ұстануды, шығарманың жазылған сәтіндегі норманы не қазіргі норманы басшылыққа алуды шешу қажет болды. Жазушы лексикографиясында сөздіктерді дереккөзде берілген орфография бойынша құрастыру дәстүрі байқалады.

Сөздіктің құрылымы мәселесі де оңай шаруа емес. Бұл тұрғыдан ең алдымен сөздерді анықтамалықтың корпусында орналастыру тәртібін айқындап алу қажет. Жалпы тілдік лексикография болсын, жеке жазушы лексикографиясы болсын, материалды алфавит бойынша беру дәстүрі басым. Бұл жағдайда лексиканың бір бөлігі, мысалы, жалқы есімдер мен көмекші сөздер қосымшада беріледі. Сондай-ақ жазушы тілінің сөздігін түзудің бұлардан басқа да тақырыптық, идеологиялық, аралас тәсілдері бар. Бірақ олар тәжірибеде өте сирек қолданылады.

Жалпы лексикографияда сөзтізбенің толымдылығы мәселесін шешу қиын болса, ал жазушы лексикографиясында ол біржақты шешіледі: глоссарийді есептемегенде, жазушы тілінің сөздігі көркем мәтіндегі барлық лексикалық бірліктерді, оның ішінде көнерген сөздерді, жеке сөз қолданыстарын, терминдерді, жаргондарды, вулгаризмдерді тегіс камтиды. Оған қоса, жазушы сөздігіне жазушы қолданған символдар, цифрлар, тіпті көрнекі материалдар, фотокөшірмелер, графюралар, суреттер енуі мүмкін.

Жазушы тілінің сөздігіне сөздік бірліктерді алу кезінде әдетте нормативті және бейнормативті тілдік материал іріктелмейді. Лексика толығымен тіркеледі, оған жалпы тілдік қорға кіретін материалдар, нормаға жатпайтын тілдік деректер, оккозионализмдер енеді. Л.В. Шербаның терминологиясы бойынша, мұндай «теріс тілдік материал» ұлттық тіл лексикографиясының сипаттау нысаны бола алмайды, бірақ оны жазушы тілі сөздігінде тіркеу мен өңдеудің құндылығы сөзсіз. Сөйтіп мұндай сөздіктерде норма мәселесі туындамайды. Ал сөздіктердің басқа типтерінде ол сөзтізбенің қанықтығы мен түсіндірмесінің сипатына түбегейлі ықпал ететін орталық мәселе болып табылады.

Қазір ғалымдар ақпараттық сөздіктер арасындағы ең маңыздысы – жазушы сөздігі деген ортақ пікірге келді: «Әдеби ескерткіштің сөздігі мен классик жазушының толық сөздігі ғана ғылыми құнды болып табылады, олар кез келген

сұранысқа жауап бере алады, кез келген зерттеу немесе анықтамалық қажеттілікті қанағаттандыра алады» [5]. Жазушы шығармаларының толық түсіндірме сөздігі «жүйелі, дәуірге сай, құжаттық тұрғыдан сенімді дерек көзі» болып табылады. Алайда аталмыш сөздіктерде жүйелі және жүйесіз грамматикалық тұлғаларды бейнелеу мәселесі даулы болып табылады. Жазушыда жекелеген жұрнақтар мен жалғаулардың ерекше қолданымы кездеседі. Оларды сөздікте қандай түрде тіркеу қажеттігін анықтап алу қажет.

Осы күнге дейін сөзтізбеге жалқы есімдерді кіргізу-кіргізбеу мәселесі шешілмей келеді. Оның себебі көптеген лингвистер жалқы есімдерге мағына бермейтін сөздер ретінде қарайды да, сөзтізбе корпусына олардың тек бейонимденіп жалпы есім қатарына өткендерін немесе фразеологизмдер құрамында қолданылатындарын ғана енгізеді. Бұған қарсы пікірді ұстанушылар олардың таза атаулық қызметінен басқа сигнификаттық қызметінің бар екенін, яғни лексикалық мағынаға ие екенін көрсетеді. Кей ғалымдар, мысалы, О. Есперсен жалқы есімнің мағынасын анықтауда контекстің мәні зор екеніне сенімді. Осы көзқарасты қолдай отырып, тілдегі жалқы есімнің лексикалық мағынасы – заттар тобының қатарында жалпылық ұғымға ие, ал сөйлеуде жалқы есімнің осы мағынасы нақты мазмұнға ие болады деп есептейміз. Осыдан жазушы сөздігінің сөзтізбесінде жалқы есімдерді жалпы есімдермен бір қатарда тіркеу қажет деген тұжырым жасауға болады: «Өйткені жалқы есімдер сөйлеуде қолданыла отырып, ешбір мағынаға ие болмауы мүмкін емес, сондықтан оларды да сөз деп тануымыз қажет, оларды сөздіктен шығарып тастауға негіз жоқ». Кеңестік жазушы лексикографиясында жалқы есімдерге қатысты пікірлер әрқилы болды. Мәселен, Пушкин тілі сөздігінде тек мифологиялық жалқы есімдер ғана берілген. Алайда М. Горький трилогиясы бойынша жалқы есімдер сөздігі жасалған.

Сөзтізбе жасау мәселесі көп жағдайда сөздерді тіркеумен шектеледі, бірақ бұл іс мәселені түбегейлі шешіп бере алмайды. Өйткені көптеген сөздердің бірнеше мағынасы бар. Сөздік мақалада сөздің мағынасын түсіндіру аса маңызды мәселе болып табылады. Себебі бұл жағдайда лекси-

калық бірліктің тілдік жүйедегі орны, оның басқа сөздерден айырмашылығы айқындалады. Бұл жазушы сөздігі үшін өте-өте маңызды. Егер мұнда сөздік бірліктің шығармада кездесетін барлық мағынасы көрсетілмесе, сөзтізбені толық деуге болмайды.

Сөздік мақаланың құрылымына қарамастан, оның басты мақсаты – жазушы сөзқолданысына семантикалық анықтама жасау болып табылады. Басты қиыншылықтың өзі осыдан туындайды, өйткені сөздік мақаланың нақтылаушы сипаты бар. Жазушы сөздігінде көптеген сөзқолданыстардың аралық семантикалық негізін емес, әрбір поэтикалық қолданысты, әрбір азатжолдағы мән-мағынаны аша алатын бірден-бір семантикалық анықтама табу қажет.

Сөзді семантикалық өңдеу кезінде сөздің грамматикалық және стилистикалық сипаттамасымен, оның мағынасын түсіндірумен байланысты көптеген сұрақтар туындайды. Бұл сұрақтар көптеген отандық тілшілердің еңбектерінде толық ашылған.

Жоғарыда қарастырылған мәселелер жазушы сөздігін құрастырудың теориялық және практикалық мәселелерін толық қамтыды деуге болмайды. Әр елдегі жазушы лексикографиясының өз дәстүрі мен жетістіктері, өзіндік қайталанбас тәжірибесі бар. Жазушы лексикографиясын зерттеудегі біздің негізгі мақсатымыз – қазақ тіліндегі, сондай-ақ, өзге тілдердегі тәжірибелерге сүйене отырып, бірқатар жалпытеориялық және практикалық мәселелерді шешу, сөзтізбе құру мен сөз қолданысына лексикографиялық өңдеу жасаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1. Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии // Известия АН. Отд. Лит-ры и языка, 1940. Вып. 3. С. 89-117.
2. Ковтун Л.С. О специфике словаря писателя // Словоупотребление и стиль М. Горького. Л., 1962. С. 12-31.
3. Очерки лексикографии языка писателей. Двухязычные словари / Под ред. А.В. Федорова. Л., 1981. 160 с.
4. Будагов Р.А. Индивидуальное в языке и стиле художественной литературы как историческая категория // Филологические науки. 1962. №3. С. 3-16.
5. Язикова Ю.С. Слово в языке М. Горького. Горький, 1985. 176 с.